

Докторантураға түсуге өтініштерді қабылдау 3 шілдеден 25 шілдеге дейін, түсу емтихандары 8 тамыздан 16 тамызға дейінгі аралықта жүргізіледі.

Докторантураға тапсыруға қажетті құжаттар

1. Ұйым басшысының атына өтініш;
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, түпнұсқасы;
3. Білімі туралы құжат қосымшасымен (түпнұсқа);
4. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатын;
5. 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;
6. 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
7. Болжанған отандық немесе шетелдік ғылыми консультанттармен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеулер негіздемесі;
8. Кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр бөлімі растаған еңбек қызметін растайтын өзге де құжатты; 9. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімін (бар болса);
10. Құжат тігілетін папка, конверт.
11. Докторантура мамандығының кәсіби оқу бағдарламасын игеруге қажетті пререквизиттер анықтамасы (бас оқу ғимараты, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру бөлімінен алынады).

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі, ерекшеліктері және тапсыратын пәндер туралы мәліметтерді Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан келесі сілтеме бойынша көруге болады:

www.testcenter.kz/graduates/pvo-spec/